

Кәсіпорын есебі аталған нұсқау мен мемлекеттік статистика орган талаптарына сәйкес ұсынылады.

6.7.Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы балабақшаға қабылданған кезде жасалатын келісім-шартпен реттеледі. Шартта баланың балабақшаға келу тәртібі; тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, бөбекжайда баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

6.8.Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар негізінде анықталады.

7-тарау.БІЛІМДІ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

7.1.Білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары мен Кәсіпорын мамандары кезеңдік аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.

8-тарау.КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ

8.1.Құрылтайшының құзыретіне:

1)Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық және тәрбиелеу мен оқыту жұмысын бақылау және Қазақстан Республикасының Заңнама күшіндегі басқа қызметтері;

2)Кәсіпорынды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидалары мен Кәсіпорын Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады;

3)Кәсіпорынды басқару кәсіпорын меңгерушінің басшылығымен жүргізіледі, меңгерушінің лауазымынан босатылуы, лауазымға тағайындалу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес айқындалды.

8.2.Кәсіпорын меңгерушісі:

1)мектепке дейінгі ұйымның атынан әрекет етеді, барлық мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда оның атынан өкілдік етеді;

2)каражатты басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;

3) өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, жаза қолданады;

4)кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады;

5)мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

6)балалар мүдделерін, отбасы қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;

7)баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе заңды өкілдерін жарғымен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін